«Бекітемін»:
«Бірлік бастауыш мектебі КММ»
Мектеп меңгерушісі
Қари.К.Қ

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
# «Айгөлек»шағын орталығы
## Ортаңғы топ
## 2023-2024ж Ақпан айы

Тәрбиеші: Мұқият Таңнұр

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: КММ «Бірлік бастауыш мектебі» жанындағы "Айгөлек"шағын орталығы
Топ: ортаңғы
Жас деңгейі: 3жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі 5-9 ақпан 2024 жыл 1-апта

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 5.02** | **Сейсенбі 6.02** | **Сәрсенбі 7.02** | **Бейсенбі 8.02** | **Жұма 9.02** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: санитарлық-гигиеналық тексеру, балаларды жақсы көңіл-күйде қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай жасау, баланың қазіргі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы әңгімелеу**. (Сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес,әңгімелесу** | Ата-аналармен «Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз» тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру<br>«Балаңызбен демалысты қалай өткізесіз?» Ата- аналармен сұхбат.<br>Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.<br>Ата аналармен әңгімелесу. Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Таңғы сәлемдесу.<br>Міндеті: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>**(Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі***)**<br>Үстел үсті ойыны: «Бөліктерін тап»<br>Міндеті: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. | Таңғы сәлемдесу.<br>Міндеті: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>**(Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі***)**<br>Дидактикалық ойын: «Мынау қай пішін?»<br>Міндеті: геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>(**Математика** | Қуаныш шеңбері.<br>Міндеті: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>**(Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі***)**<br>Дидактикалық ойын: «Көңілді таяқшалар»<br>Міндеті: балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным | Таңғы сәлемдесу.<br>Міндеті: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу, жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>**(Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі***)**<br>Дидактикалық ойын: «Суретті толықтыр»<br>Міндеті: балаларға берілген суреттерді толықтырып | Шаттық шеңбері.<br>Міндеті: балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу**.**<br>**(Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі***)**<br>«Қай аспап жоқ?»<br>Міндеті: балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(Құрастыру)**<br>Дидактикалық ойын: «Шаштараз қалай жұмыс істейді?» Қуыршаққа көрсетеміз.<br>Міндеті: шаштараз жұмысы туралы балаларға білім беру, құрал-жабдықтарын атауға үйрету.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Дидактикалық ойын: «Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»<br>Міндеті: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.<br>**(Математика негіздері)**<br>«Еңбекке баулу»<br>Міндеті: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу.<br>**«**Не қалай дыбыстайды? [о], [ө] дыбыстары»<br>Міндеті: балаларды үй жануарларының дыбыстау ерекшеліктерімен, | **негіздері)**<br>Дидактикалық ойын: «Ғажайып қапшық»<br>Міндеті: әр мамандыққа қажетті құралдарды атап айыра білу, неден жасалғанын тану.<br>**(Қоршаған ортамен танысу)**<br>«Еңбекке баулу»<br>Міндеті: сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойын: «Марғаулар жіппен ойнайды»<br>Міндеті: балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге үйрету;<br>**(Математика негіздері)**<br>Дидактикалық ойын: «Кішкентай марғау»<br>Міндеті: марғау туралы ұғым бере | белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамыту.<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br>«Еңбекке баулу»<br>Міндеті: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.<br>«Кім не жейді?» дидактикалық ойыны.<br>Міндеті: балаларды құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту.<br>**(Қоршаған ортамен танысу)**<br>Ертегі: «Қызыл | орналастыра білуге үйрету.<br>**(Құрастыру)**<br>«Кім солай сөйлейді?» доппен ойын<br>Міндеті: жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету.<br>**(Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет)**<br>«Еңбекке баулу»<br>Міндеті: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту.<br>«Тауықтар» биі.<br>Міндеті: балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және айтуға үйрету; музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды | зейіннің дамыту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**(Музыка****)**<br>«Сипап көр»<br>Міндеті: сипап сезу арқылы көкөністердің атын табу**.**<br>**(Математика негіздері)**<br>«Еңбекке баулу»<br>Міндеті: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>«Жүргіншілер жолы»<br>Міндеті: балаларды жүргіншілер жолының маңызымен таныстыра отырып, ақпаратты мұқият тыңдауға үйрету.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>«Күлкілі маймылдар» театрландырылған ойын.<br>Міндеті: зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дауысты [о], [ө] дыбыстарының артикуляциясымен таныстыру; үй жануарларының қыстағы тіршілігі жөнінде білімдерін пысықтау. **(Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі***)** | отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту, мысық пен марғау туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** | телпек» Міндеті: таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. **(Көркем әдебиет)** | топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру. **(Музыка****)** | **(Көркем әдебиет)** Ұлттық ойын: «Қазан» Міндеті: белгі бойынша әр топтың ойыншылары асықтарды қазанға лақтырады, қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді. **(Қазақ тілі***)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Дене шынықтыру****<br>**Музыка******<br>Таңғы жаттығу жиынтығы №1. Ақпан айы. (I, III жұмалар)<br>Құралсыз.<br>Қол ұстасып шеңбер бойы жүру, жүгіру. Аяқты-аяққа таяп қойып, шеңбер бойы оңға, солға, өкшемен, аяқтың ұшымен. жартылай бүгілген аяқпен жүру;1.Б.қ- н.т. 1 - қолды жан-жаққа созу арқылы бастан жоғары көтеріп қол шапалақтау, бір мезгілде аяқтың ұшына көтерілу. (8 рет).<br>2.Б.қ- - қолды төмен түсіріп, өкшемен отыру. 1 - оң иықты көтеру. 2 — б.қ-қа келу. 3 — сол иықты көтеру. 4 — б.қ.-қа келу. (6 рет).<br>Б.қ. - қолды иыққа қою. 1 - қолды 4 рет алға айналдыру.<br>4 рет артқа айналдыру.<br>3.«Киізді білекпен басу». Б.қ. - тізерлеп отыру, кішірек орамды білекпен (қолдың басынан шынтаққа дейін және керісінше) қатты басып, алға, артқа домалату. (8 рет).<br>Б.қ. - қолды жоғары көтеріп, шалқалай жату; 1 - он аяқты тізеден бүгіп, кеудеге қарай тарту; тізеден бүгілген аяқты екі қолмен қапсыра құшақтап, басты көтеріп, маңдайды тізеге тигізу; 2 - б.қ.-қа келу. Осылайша сол аяқпен орындау. (6-8 рет).<br>4.Б.қ. - қолды "жоғары көтеріп тұру. 1 - оң аяқпен оң, жаққа бір адым жасау, екі қолды жан-жаққа созу; 2 - сол аяқты оң аяқтың жанына қою, қолды жоғары көтеру; 3 - б.қ.-қа келу. Осылайша сол жаққа орындау. (Әр жаққа 3 реттен).<br>Б.қ. - қолды шынтақтан бүгіп, алақанды кеуде тұсында еденге қаратып, етпетінен жату. 1-2 — қолды жазып, иықты көтеру, денені иіп, басты артқа қарай ию; 3-4 - б.қ.-қа келу. (5-6 рет).<br>5.«Киізді аяқпен тебу» жаттығуы. Орындықта отырып кішкентай орамды домалата тебу. (8 рет).<br>6. Б.қ. - н. т., қолды белде. 1 - оң аякты тізеден бүгіп жоғары көтеру. 2 - аяқты бүкпей созу. 3 - қайта бүгу. 4 - б.қ. қа келу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Осылайша сол аяқпен орындау. Көтерілген аяқтың ұшы созулы, жерде тұрған аяқты бүкпей тепе-теңдік сақтау кажет, (6 рет). 7.Шеңбер бойымен бір бүйірмен аяқты-аяққа тигізіп жүру, жүгіру, екі қолды сермеп, шапқылап жүгіру. Тыныс алу жаттығуын жасау. Дем алу жаттығуларын жасаймыз. | | | | |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық шараларды орындау<br>Беті қолдарын дұрыс жууға баулу,жуу тәсілдерін сипаттау **(Сөйлеуді дамыту)**<br>Еңбек: Дастарханды орнатуға көмектесу.<br>Міндеті: кезекшінің қызметтік міндеттерін дұрыс орындауға үйрету.<br>Көмекшінің еңбегімен танысу. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Таңғы ас**: дұрыс отыру қалпын бақылау | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Пішіні бойынша таңда» (топпен жұмыс) Міндеті: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау. **(Математика негіздері)** | «Артығын тап» дидактикалық ойыны. Міндеті: тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту, тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту. **(Сөйлеуді дамыту, Қазақ тілі***)** | «Қыс» тақырыбында сюжеттік суреттерді қарау. Міндеті: суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. **(Сөйлеуді дамыту, Қазақ тілі***)** | «Кім шақырғанын тап» сөздік ойыны. Міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балаларды өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу. **(Сөйлеуді дамыту, Қазақ тілі***)** | «Үйшікте кім тұрады?» сөздік ойыны. Міндеті: балалардың жануарлар туралы білімін, дыбыстарды дұрыс айту іскерлігін бекіту. **(Сөйлеуді дамыту, Қазақ тілі***, Көркем әдебиет)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Міндеті: гимнастикалық орындық бойымен жүруге үйрету, батылдықты дамыту. Еденге тігінен қойылған | **Музыка**<br>Міндеті: күн көзінің жылуындай өз бойларындағы жылуды әнмен отбасы мүшелеріне жеткізе | **Дене шынықтыру**<br>Міндеті: гимнастикалық орындық бойымен жүруге үйрету, батылдықты дамыту. | **Қазақ тілі**<br>Міндеті: тақырып бойынша жаңа сөздерді үйрету. Ойлау шапшандығын дамыту, өз отбасын сүюге | **Дене шынықтыру**<br>Міндеті: көлбеу қойылған саты бойымен қырындап өрмелеу. Тіреуіштің жоғары алаңы бойымен жүруде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрсау ішінен еңбектеп өту, қол мен аяқтың қозғалыстарын үйлестіру білігін бекіту. | білуге үйрету, әнді ынтамен айтуға баулу. | Еденге тігінен қойылған құрсау ішінен еңбектеп өту, қол мен аяқтың қозғалыстарын үйлестіру білігін бекіту. | тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету. | денесін дұрыс ұстап және қалыпты тепе-теңдікті сақтай білуін бекіту. |
| **2-таңғы ас** | Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды жүргізу, мәдени-гигиеналық дағдылар (өзіне-өзі қызмет көрсету, жұмыс кезекшілік). Балалардың назарын тамаққа аудару, балалардың үстел басында дұрыс тұруын, тік отыруын, алаңдамауын қадағалау **(Сөйлеу дамуы)** | | | | |
| **Серуенге дайындалу** | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын материалын таңдау; балалармен жеке әңгімелесу.<br>Балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс әрекетіне жағдай жасау, балалармен спорттық және ойын құралдары мен спорттық құралдарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды дәйекті түрде киіндіру (ауа райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін қадағалау (сөйлеу, өзін-өзі күту, жалпы және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| **Серуен** | Қыстың негізгі белгілерін бақылау.<br>Міндеті: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>Көркем сөз:<br>Аппақ, аппақ ақшақар<br>Бірін ұстап алайын...<br>Ұстадым!<br>Жоқ, ақша қар,<br>Қайдан іздеп табайын?<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет)**<br>Еңбек: ойын ауласын қардан тазартып қою.<br>Міндеті: күрекпен | Қарды бақылау.<br>Міндеті: балаларды қардың аяқтың астында, жерде жатқанын айтқызып, оны аяқпен басқанда іздердің қалуын байқауға үйрету.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет)**<br>Еңбек: қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Міндеті: қарапайым | Желді бақылау.<br>Міндеті: балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет)**<br>Еңбек: балалармен ойын ауласын жинау.<br>Міндеті: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға | Мұз сүңгісін бақылау.<br>Міндеті: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру, байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет)**<br>Еңбек: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Міндеті: ересектің үлгісіне еріп, құстарға | Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян).<br>Міндеті: балалардың көңілін қоянның тоны ақ, құлағы ұзын екеніне, қимылдарына назар аударту; қоянның қимылдарын, көркем сөздерге еліктеп, өздігінен жасауға ынталандыру, жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту.**(Қоршаған ортамен таныстыру, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет)**<br>Еңбек: тәрбиеші |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу.<br>**(Еңбекке баулу)**<br>Қимылды ойын: «Аяз»<br>Міндеті: тез жүгіруге жаттықтыру.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>Қимылды ойын: «Өткеншек»<br>Міндеті: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>**Жеке жұмыс:** екі аяқпен бірдей қарлы жолмен секіру.<br>Міндеті: балаларға бір-біріне кедергі жасамай секіруге үйрету. | еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру.<br>**(Еңбекке баулу)**<br>«Қарлы жолдарды басайық» қимылды жаттығуы.<br>Міндеті: балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүрігіп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>Қимылдыойын: «Суыққойлар»<br>Міндеті: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>**Жеке жұмыс:**<br>«Кім алысқа секіреді?»<br>Міндеті: жүгіріп келіп ұзындыққа секіру. | машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**(Еңбекке баулу)**<br>Қимылды ойын: «Мысық пен тышқандар»<br>Міндеті: жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>Қимылды ойын: «Өткеншек»<br>Міндеті: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>**Жеке жұмыс:** «Кім алысқа лақтырады?»<br>Міндеті: қар түйіршіктерін алысқа лақтыруға жаттықтыру. | қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру.<br>**(Еңбекке баулу)**<br>Қимылды ойын: «Үйсіз қалған қоян»<br>Міндеті: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>«Жүрейік» қимылды жаттығуы.<br>Міндеті: балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>**Жеке жұмыс:** мұзда сырғанау.<br>Міндеті: дененді тепе тең ұстап, мұз үстімен сырғанай білу | жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.<br>Міндеті: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру.<br>**(Еңбекке баулу)**<br>Қимылды ойын: «Бері шыға ғой, қоян!»<br>Міндеті: балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>Қимылды ойын: «Допты (қарды) қағып ал»<br>Міндеті: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>**Жеке жұмыс:** «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылқ әңгіме құрастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | . | | | |
| **Серуеннен оралу** | Дұрыс шешіну, шкафқа бүктеп салу, қол жуу.<br>Шешініп жатқанда, балаларды шкафқа колготки мен шорт салуға шақырыңыз. Оқытуды жалғастырыңыз, сыпайы түрде көмек сұраңыз. Сабын ыдысынан сабын алуды үйреніңіз және үлкендердің көмегімен қолыңызды сабыныңыз.<br>Суреттерге қарап: «Балалар қолдарын жуады». Олар бойынша әңгімелесу (сөйлеу, сыртқы әлеммен таныстыру) | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; Тамақтану мәдениеті дағдыларын дамыту бойынша жеке жұмыс. Ұқыптылық дағдыларын дамытуды жалғастыру.<br>Ас құралдарының атауларын Қазақ тілінде айтыңыз (қасық - қасық, табақ - тәрелке, саптыаяқ - тостаған, пышақ - пышақ) **(Қазақ тілі***)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Аудио жазба – классикалық бесік жыры **(Музыка****)**<br>«Табиғат дыбыстары» релаксация жаттығуы.<br>Міндеті: қалпына келтіру үшін ұйқыға арналған көңіл-күйді орнату **(Музыка****)**<br>Ұйқыны ұйымдастыруға жағдай жасау. Бесік жырын тыңдау<br>«Ұйқы менің қуанышым» **(Музыка****)**<br>«Ұйықтау уақыты келді.» балалар ережесін оқу **(Көркем әдебиет)**<br>С.Маршактың «Ақылды тышқанды» оқу **(Көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Дене шынықтыру****<br>**Музыка******<br>Ортанғы тобына арналған ұйқыдан кейінгі шынықтыру кешені<br>№1 Ақпан. (І, ІІІ жұмалар)<br>1. Төсекте гимнастика ( 2-3- мин.)<br>- Б. қ.:-шалқасынан жатып, қолдар дене бойымен. 1- Иекті кеудеге қысу ( басты көтермей), аяқтың ұшын өзіне тарту; 2- Б.қ (3-4 рет)<br>- Б.қ.- Ішпен жату, қолды көтеріп, бас маңдаймен тіреледі, өкше бірге, ұшы тартулы 1- басы мен қолын бір жаққа тарту, аяғымен басқа жаққа тартылу керек; 2- Б.қ ( 3-4 рет)<br>- «Қыс және жаз» ойыны. Б.қ : Шалқайып жатады. «Қыс» деген белгіге балалар оларға суық екенін көрсетіп дөңгеленіп алу керек. « Жаз» деген белгіге балалар ашылып, босаңсытады.<br>2. Жалпақ табанның алдын алу (2-3- мин.)<br>- Бір-бірінің артынан жүру ( жалаңаяқ) | | | | |

| | |
|---|---|
| | «Біз бақшаға барамыз<br>Көкөністер жинаймыз».<br>- (Аяқтың ұшымен жүру)<br>«Жол қысқа, тар.<br>Аяқтың ұшымен басып, жүреміз!<br>- («серіппе» сияқты қырындап басамыз)<br>«Жиекпен біз жүреміз,<br>Оған біз тізерлейміз»<br>- (Денені тік ұстап және алға қарап аяқтың ұшынан өкшеге жылжыту)<br>«Шаршаған аяқтар<br>Жолмен жүрді».<br>- (Орындықта отырып, өкшені еденнен алмай аяқтың ұшын көтеріп түсіру.( 6-8- рет)<br>«Біз тасқа отырдық,<br>Отырдық, отырдық».<br>(Аяқтың және табанның бұлшық еттерін сипау)<br>«Аяқтар демалады,<br>Бұлшық еттер босайды»<br>3. Мүсіннің бұзылуының алдын алу (2-3 мин.)<br>«Күнбағыс» - Алаңның ортасында алтын бас.<br>Б. қ. – 1.- қолды көтеріп, аяқтың ұшымен тұру; 2- Бастапқы қалыпқа келу.<br>«Сәбіз» - бұйра шашынан<br>Оны інінен тартамын. Б. қ. тізерлеп тұрып. 1- алға еңкею, қолдар алға, төмен; 2- Бастапқы қалыпқа келу.<br>«Шалқан» - « Бүйірі дөңгелек, бүйірі сары,<br>Жүйекте колобок отыр».<br>Б. қ.- аяқ тік, қол алға, төмен, 1- қолды жан-жақтан жоғары көтеру, 2- Бастапқы қалыпқа келу.<br>«Картоп» -<br>Жүйекте жасыл да, қалың түп өсті.<br>Кішкене қазсаң, түп астында картоп.<br>Б. қ – шалқайып жатып. І- 45° бұрышта қолмен аяқты жоғары көтеру; 2- Бастапқы қалыпқа келу.<br>«Қырыққабат» -<br>Құрақтан құрақ – жасыл жамау,<br>1- аяқты тізеге бүгіп, қолды арқаға қою; 2- Бастапқы қалыпқа келу.<br>«Қарауыл» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Таяқта кім тұр<br>Жөкеден сақалмен<br>Жел гулейді, ол шулайды,<br>Аяғымен қозғалады, сықырлайды»<br>Екі аяқпен секіру, қолдар жан-жақта, төмен, жүріспен кезектесіп.<br>5. Су процедурасы ( жуыну, салқын сумен шайыну). | | | | |
| **Бесін ас** | Ұқыпты жуу дағдыларын дамыту. Балабақша ережесін айту:<br>Арамшөп құмырсқа ұйқысынан тұрды,<br>Тит құс дәнді ұстады,<br>Қоян - қырыққабат үшін,<br>Тышқан - қыртыс үшін,<br>Сүт үшін балалар | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейне леу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Дидактикалық ойын: «Құрылысшы»<br>Міндеті: балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру.<br>**(Құрастыру)**<br>Дидактикалық ойын: «Өсімдіктер»<br>Міндеті: созылып жатқан үй өсімдіктерінің бұталары бойына жапырақтарды саусақтармен жақпалап, салуға үйрету.<br>**(Сурет салу, Мүсіндеу)** | Дидактикалық ойын. «Бөліктерді құрастыр»<br>Міндеті: зейіндікке баулу, құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**(Құрастыру)**<br>Дидактикалық ойын: «Ұзын құлақ ақ қоян»<br>Міндеті: қоянның дене бөліктерін атай білуді үйрету, қоянның дене бөліктерін қағаз бетіне құрыс орналастыра білуге үйрету.<br>**(Жапсыру)** | Дидактикалық ойын: «Дөңгелектер»<br>Міндеті: ермексаздан машина жасап құрастыру.<br>**(Мүсіндеу)**<br>Дидактикалық ойын: «Суретті құрастыр»<br>Міндеті: балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу.<br>**(Құрастыру)** | Дидактикалық ойын: «Машина»<br>Міндеті: құрлыс материалдарының негізгі бөліктері мен бөләктердің бөліктерін, түсімен шамасы бойынша ажыратуға үйрету.<br>**(Құрастыру)**<br>Дидактикалық ойын: «Бағдаршам»<br>Міндеті: балаларды бағдаршамды реті бойынша жапсыруға үйрету.<br>**(Жапсыру)** | Дидактикалық ойын: «Мерекелік дастархан»<br>Міндеті: мерекелік дастархан туралы түсінік беру.<br>**(Сурет салу)**<br>Дидактикалық ойын: «Ит адамның досы»<br>Міндеті: ит туралы түсінік беру, қол икемділігін дамыту.<br>**(Құрастыру, Мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ерекше білім беруді қажет ететін балалар** | Агафонова Мария<br>Ермек Олжас<br>«Бағдаршамдар»<br>Міндеті: түсті анықтауда жаттығу.<br>Көрнекі қабылдау мен ойлауды дамыту:<br>«Суретші нені салуды ұмытып кетті?» | Ермек Олжас<br>Агафонова Мария<br>«Түсі мен пішіні»<br>Міндеті: түс пен пішінді анықтауда жаттығу.<br>«Бұл не сияқты»<br>Міндеті: ұсынылған фигурада пішіні ұқсас қоршаған заттарды көруге үйрету. | Агафонова Мария<br>Ермек Олжас<br>«Заттар»<br>Міндеті: балаларды заттардың саны түсіне, пішініне, өлшеміне байланысты емес екенін анықтауға үйрету: үлгі мен сөз бойынша жиыннан оқшаулауды үйрету, анализаторлардың көмегімен қабылдау. | Агафонова Мария<br>Ермек Олжас<br>«Қарға арналған үй»<br>Міндеті: сөздікті байыту, сөйлеудегі сөздерді белсендіру- ағаш бөліктерінің атаулары (Магистраль, тәж, бұтақтар, жапырақтар); сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту (предлогтық құрылымдарды қолдану). | Агафонова Мария<br>Ермек Олжас<br>«Дыбыс және әріп»<br>Міндеті: дыбыстың дұрыс айтылуын бекіту және. сөздегі дыбыстың орнын анықтауға үйрету.<br>«Сөзді шығар»<br>«Локомотив» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Саусақ жаттығуы.<br>Міндеті: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(Сөйлеуді дамыту)** | Жұмбақтар шешу.<br>Міндеті: балаларға қазақша сөйлеуді үйрету.<br>**(Көркем әдебиет)** | Дидактикалық ойын: «Құрылыс»<br>Міндеті: құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>**(Құрастыру)** | Санамақ.<br>Міндеті: саусақтарға арналған жаттығу.<br>**(Қазақ тілі***, Көркем әдебиет)** | Дидактикалық ойын: «Сөйлем құрастыру»<br>Міндеті: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру.<br>**(Сөйлеуді дамыту, Қазақ тілі***)** |
| **Серуенге дайындық** | Оларды сыпайы сөздерді қолдана отырып, киім ауыстыратын бөлмеде өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауға, көмек сұрауға үйретуді жалғастыру. Киіну: реттілік, серуенге шығу<br>Жаяу Серуенге қызығушылық мотивациясы. Балалармен «Неліктен барлық жапырақтар құлады?» тақырыбында жеке әңгімелесу<br>Міндеті: балалардың тірі және жансыз табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту, себеп-салдар байланысын орнатуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | Қыстың негізгі | Қарды бақылау. | Желді бақылау. | Мұз сүңгісін бақылау. | Қоян ойыншығын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгілерін бақылау.<br>Міндеті: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>Көркем сөз:<br>Аппақ, аппақ ақшақар<br>Бірін ұстап алайын...<br>Ұстадым!<br>Жоқ, ақша қар,<br>Қайдан іздеп табайын?<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру,**<br>**Сөйлеуді дамыту,**<br>**Көркем әдебиет)**<br>Еңбек: ойын ауласын қардан тазартып қою.<br>Міндеті: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу.<br>**(Еңбекке баулу)**<br>Қимылды ойын: «Аяз»<br>Міндеті: тез жүгіруге жаттықтыру.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>Қимылды ойын: «Әткеншек»<br>Міндеті: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>**Жеке жұмыс:** екі | Міндеті: балаларды қардың аяқтың астында, жерде жатқанын айтқызып, оны аяқпен басқанда іздердің қалуын байқауға үйрету.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру,**<br>**Сөйлеуді дамыту,**<br>**Көркем әдебиет)**<br>Еңбек: қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Міндеті: қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру.<br>**(Еңбекке баулу)**<br>«Қарлы жолдарды басайық» қимылды жаттығуы.<br>Міндеті: балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүрігіп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін | Міндеті: балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету;<br>байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру,**<br>**Сөйлеуді дамыту,**<br>**Көркем әдебиет)**<br>Еңбек: балалармен ойын ауласын жинау.<br>Міндеті: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;<br>топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**(Еңбекке баулу)**<br>Қимылды ойын: «Мысық пен тышқандар»<br>Міндеті: жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру;<br>ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**(Дене шынықтыру**)** | Міндеті: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру, байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру,**<br>**Сөйлеуді дамыту,**<br>**Көркем әдебиет)**<br>Еңбек: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Міндеті: ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру.<br>**(Еңбекке баулу)**<br>Қимылды ойын: «Үйсіз қалған қоян»<br>Міндеті: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>«Жүрейік» қимылды жаттығуы.<br>Міндеті: балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі | бақылау (ақ қоян).<br>Міндеті: балалардың көңілін қоянның тоны ақ, құлағы ұзын екеніне, қимылдарына назар аударту; қоянның қимылдарын, көркем сөздерге еліктеп, өздігінен жасауға ынталандыру, жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту.**(Қоршаған ортамен таныстыру,**<br>**Сөйлеуді дамыту,**<br>**Көркем әдебиет)**<br>Еңбек: тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.<br>Міндеті: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру.<br>**(Еңбекке баулу)**<br>Қимылды ойын: «Бері шыға ғой, қоян!»<br>Міндеті: балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқпен бірдей қарлы жолмен секіру.<br>Міндеті: балаларға бір-біріне кедергі жасамай секіруге үйрету. | шымыр ету.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>Қимылдыойын: «Суыққойлар»<br>Міндеті: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>**Жеке жұмыс:**<br>«Кім алысқа секіреді?»<br>Міндеті: жүгіріп келіп ұзындыққа секіру.<br><br>. | Қимылды ойын: «Әткеншек»<br>Міндеті: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>**Жеке жұмыс:** «Кім алысқа лақтырады?»<br>Міндеті: қар түйіршіктерін алысқа лақтыруға жаттықтыру. | бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>**Жеке жұмыс:** мұзда сырғанау.<br>Міндеті: дененді тепе тең ұстап, мұз үстімен сырғанай білу | қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>Қимылды ойын: «Допты (қарды) қағып ал»<br>Міндеті: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға,ептілікке баулу.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>**Жеке жұмыс:** «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылқ әңгіме құрастыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету.<br>Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.<br>Балаларды жақсы көңіл-күймен шығарып салу. | | | | |

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: КММ«Бірлік бастауыш мектебі»жанындағы "Айгөлек"шағын орталығы
Топ: ортаңғы
Жас деңгейі: 3жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі 12-16 ақпа 2024жыл 2-апта

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 12.02** | **Сейсенбі 13.02** | **Сәрсенбі 14.02** | **Бейсенбі 15.02** | **Жұма 16.02** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау. Денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу.Топқа көтеріңкі көңіл- күймен келуге жағдай тудыру.<br>Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(Сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес,әңгімелесу** | Ата-аналарға кеңес. «Отбасындағы сауықтыру шаралары».<br>Ата аналармен әңгімелесу. Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу.<br>Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Үстел-үсті ойыны: «Лото»<br>Міндеті: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту, суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>**(Математика негіздері)**<br>Еңбек. | Үстел-үсті ойыны: «Мозаика»<br>Міндеті: балаларға әртурлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**(Құрастыру)** | Дидактикалық ойын: «Ақылды көліктер»<br>Міндеті: адамдардың жұмыстарын жеңілтуде көліктердің көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту; істейтін қызметтеріне қарай көліктерді топтастыруға, аттарын дұрыс атауға үйрету, | Үстел-үсті ойыны: «Біздің көмекшілеріміз?»<br>Міндеті: ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту.<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br>Еңбек.<br>Міндеті: өсімдіктерге жарық пен ылғалдың | «Би билеген баламыз» жаттығуы.<br>Міндеті: балалардың жағымды эмоцияларын, дене мүшелерін дамыту.<br>**(Сөйлеуді дамыту, Дене шынықтыру**)**<br>Еңбек.<br>Міндеті: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеті: еңбекке деген қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету; ересектерге көмектесуге ынталандыру. **(еңбекке баулу)** Дидактикалық ойын: «Күн мен бұлт» Міндеті: балалардың есту, тыңдау қабілеттерін дамыту. Әр – түрлі сипаттағы әуендерді ажырату қабілеттерін дамыту. **(Музыка ****)** Дидактикалық ойын: «Дастарқан жаю дәстүрі» Міндеті: балаларды екі түрлі зат топтарын салыстыруда тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдануға үйрету, сол жақты, оң жақты, ортасын, жоғары, төмен жақтарын анықтап, жаттығулар орындауға үйрету; қолдың ұсақ | Дидактикалық ойын: «Ұқсайды – ұқсамайды» Міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту. **(Сөйлеуді дамыту, Математика негіздері, Қоршаған ортамен таныстыру)** Еңбек. Міндеті: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету, киімді орнына мұқият бүктеу іскерліктерін дамыту. **(еңбекке баулу)** Дидактикалық ойын: «Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?» Міндеті: балаларға жыл мезгілдерін ажыратуға, қандай киімдер киетінін баяндауға, сөздік қорын молайта отырып, ой-өрісін дамыту. **(Қазақ тілі***)** Дидактикалық ойын: «Үтіктің қасиеті» | сөздік қорларын молайту. **(Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен таныстыру)** Еңбек. Міндеті: балаларды ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбекке баулу)** Дидактикалық ойын: «Таза болайық» Міндеті: ән айту кезінде әуеннің мағынасын түсіне отырып, эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру. **(Музыка ****)** Сюжетті-рөлдік ойыны: «Отбасы» Міндеті: ойынға деген қызығушылықты дамыту, балалардың | қажеттігі туралы балалардың білімдерін кеңейту, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбекке баулу)** Ұлттық ойын: «Киіз үй» Міндеті: балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді. **(Қазақ тілі***)** Дидактикалық ойын: «Қаздар ұшып жатыр» Міндеті: балалардың физиологиялық тыныс алуын күшейту. **(Музыка ****)** Д/о: «Заттарды топта» Міндеті: баланың ойлау қабілетін дамыту. Суреттегі заттардың атын айтқыза отырып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. **(Қазақ тілі***, Сөйлеуді дамыту)** | түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбекке баулу)** **Дидиактикалық ойын: «**Суретті құрастыр» Міндеті: балаларды бөлшектерден тұтас бөлік құрауға үйрету. **(Математика негіздері)** Дидактикалық ойын: «Қар тазалаушы трактор» Міндеті: балалардың қардың және трактордың ерекшеліктері туралы ұғымдарын кеңейте отырып, балалардың қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Қимылды ойын: «Қимылдарды қайталаймыз» Міндеті: егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | моторикасын, зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>(**Математика негіздері, Сөйлеуді дамыту)**<br>Ұлттық ойын:<br>«Арқан тарту»<br>Міндеті: екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді**.**<br>**(Қазақ тілі***)**<br>Дидактикалық ойын:<br>«Үйде нестеп жатыр?»<br>Міндеті: балалардың музыка жанрлары туралы білімдерін дамыту.<br>**(Музыка ****)** | Міндеті: балалардың үтік туралы білімдерін қалыптастыру; үтіктің тұрмыстағы қолданылу ерекшеліктері жайлы түсініктерін кеңейту.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)** | арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру.<br>**(Қазақ тілі***, Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Дидактикалық ойын:<br>«Сән ательесі»<br>Міндеті: балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап, киімдер мен ұлттық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу.<br>**(Қазақ тілі***)** | Дидактикалық ойын:<br>«Ненің құйрығы?»<br>Міндеті: балаларға аңдарды бір-бірінен құйрығына қарап, ажырата білуге үйрету.<br>**(Көркем әдебиет)**<br>Дидактикалық ойын:<br>«Ақырын қатты»<br>Міндеті: тембрлік есту қабілеттерін дамыту.<br>**(Музыка ****)** | жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады.<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>Дидактикалық ойын:<br>«Менің балапандарым қайда»<br>Міндеті: дыбыстық жоғары есту қабілетін дамыту мен бағдарлама материалын бекітуге арналған.<br>**(Музыка ****)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **(Дене шынықтыру**)**<br>**(Музыка****)**<br>Таңғы жаттығу жиынтығы № 2. Ақпан айы. (II, IV жұмалар)<br>Шығыршықпен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары.<br>Бір тізбекпен жүру.<br>Қолға арналған жаттығулар: білек буындарын айналдыру.<br>Аяқтың ұшымен жүру.<br>Өкшемен тізені бүкпей жүру.<br>Тізені көтеріп жүреміз.Жай жүріс<br>1)«Шығыршықты көтер»Б.қ.:аяқ сәл алшақ,қол шығыршықпен төменде.<br>1,3-Шығыршықты жоғары көтеру,<br>2,4-бастапқы қалыпқа келу.<br>2) «Шығыршықты созу»Б.қ.:аяқ иық кендігінде,қол шығыршықпен төменде. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-шығыршықты алға созу,<br>2-шығыршықты оңға созу.<br>3-шығыршықты алға созу,<br>4- Түзелу,бастапқы қалыпқа келу.Дәл солай сол жаққа қайталау.<br>3) «Отыру»Б.қ.:аяқ иық кендігінде,қол шығыршықпен төменде<br>1,3- Отыру,шығыршықты алға созу<br>2,4- тұру,түзеліп б.қалыпқа келу.<br>4) «шығыршықты жеткіз»Б.қ.: Отыру,аяқ иық кеңдігінде,шығыршықты бел тұсында ұстау.<br>1- алға иілу шығыршықты оң аяқ ұшына жеткізу.<br>2- Бастапқы қалыпқа келу.<br>3,4-сол жаққа қайталау.<br>5) «Секіру»Б.қ.:аяқ бірге, қол белде , шығыршықты еденге қою,ішіне тұрып секіру,жүрумен алмастыру.<br>Дем алу жаттығуларын жасаймыз. | | | | |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық шараларды орындау<br>Беті қолдарын дұрыс жууға баулу,жуу тәсілдерін сипаттау. **(Сөйлеуді дамыту)**<br>Еңбек: дастарханды жаюға көмектесу.<br>Міндеті: кезекшінің қызметтік міндеттерін дұрыс орындауға үйрету. **(Қоршаған ортамен танысу)**<br>Таңғы ас: дұрыс отыру қалпын бақылау | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері.<br>Міндеті: балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>**(Сөйлеуді дамыту)** | Дидактикалық ойын.<br>«Кім бәрінен де мұқият»<br>Міндеті: баланы теріс қаратып, өз киімініз немесе бөлмедегі заттар туралы сұрау.<br>**(Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен таныстыру)** | Шаттық шеңбері.<br>Міндеті: балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>**(Сөйлеуді дамыту)** | Дидактикалық ойын:<br>«Жіпті шардың түсіне қарай іріктe»<br>Міндеті: балалардың түстерді ажырата отырып, көру қабілетінің артуына және көз қарашығының демалу жаттығуларын жасатуға арналған түстерді бекітуге пайдаланылады.<br>**(Сөйлеуді дамыту)** | Дидактикалық ойын.<br>«Құстар»<br>Міндеті: балаларды сөзі мен әрекетін сәйкестендіре білуге жаттықтыру; балалардың тілін белсендіруді жалғастыру.<br>**(Сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Міндеті: табанды бүгу және орындықтан секіріп, жартылай бүгілген аяқпен түсуді үйретуді жалғастыру. | **Музыка**<br>Міндеті: ата-анасын сыйлай, қастерлей білуге баулу. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін музыка тілімен жеткізуге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>Міндеті. табанды бүгу және орындықтан секіріп, жартылай бүгілген аяқпен түсуді үйретуді жалғастыру. | **Қазақ тілі**<br>Міндеті: балаларға үй,үй жиһаздары туралы түсінік беру. Ойлау шапшандығын дамыту, сөздік қорларына жаңа сөздер енгізу, Жиһазды ажырата алу дағдыларын дамыту | **Дене шынықтыру**<br>Міндеті: саптізбекте саптан шықпай, бағытты өзгерте отырып жүгіруді үйрету. Орындықтан секіргеннен кейін тепе-теңдікті сақтау, бас пен денені түзу ұстау, алдыға қарау білуді бекіту. Көлбеу қойылған саты бойымен өрмелеуге жаттығу, координация мен батылдықты дамыту. |
| **2-таңғы ас** | Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды жүргізу, мәдени-гигиеналық дағдылар (өзіне-өзі қызмет көрсету, жұмыс (кезекшілік). Балалардың назарын тамаққа аудару, балалардың үстел басында дұрыс тұруын, тік отыруын, алаңдамауын қадағалау **(Сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Серуенге дайындалу** | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын материалын таңдау; балалармен жеке әңгімелесу.<br>Балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс әрекетіне жағдай жасау, балалармен спорттық және ойын құралдары мен спорттық құралдарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды дәйекті түрде киіндіру (ауа райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін қадағалау (сөйлеу, өзін-өзі күту, жалпы және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| **Серуен** | Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.<br>Міндеті: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды | Аландағы ағаштарды бақылау.<br>Міндеті: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. **(Қоршаған** | Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).<br>Міндеті: балаларды құстардың шиқылдаған | Күн көзін бақылау.<br>Міндеті: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы,аяғымен ) байланыстырып, балаларға барынша мол | Қырауды бақылау.<br>Міндеті: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету.<br>Қырау түскен ағаштарды бақылау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
